



«БЕКІТЕМІН»:

«ZIYATKER TURAN» ЖШС

директоры 

Б.С. Длимбетова

**«ZIYATKER TURAN» ЖШС
мектебі**

**Мектеп педагог-психологтерінің 2025-2026 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары**

Педагог-психологтар: Жетписова А.Е.
Жеңісәлі А.Ж.

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130
бұйрығы. (ҚР ОМ 2023 жылғы 17 наурыздағы
№ 68 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2023
жылғы 20 наурызда № 32110 болып тіркелді)

Педагог-психолог жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 болып тіркелді) сәйкес іске асырылады.

1) бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушыны оқу іс-әрекетіне бейімдеу, әлеуметтендіру және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу ұмтылысын, өздігінен жұмыс істеуін және өзін-өзі реттеуді дамытуда білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) қолдау көрсету;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде – оқытудың жаңа жағдайларына бейімдеу, білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) белсенді танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге және әлеуметтенуге төзімділікті қалыптастыру;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушыға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) тұлғалық бірегейлікке, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, тұрақты дүниетанымды қалыптастыруға және әлеуметтендіруге жәрдемдесу;

4. ППҚҚ білім беру ұйымының білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) психологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың оқу ұмтылысын, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын, кәсіби бағдарын қалыптастыруға, **білім беру процесінің қатысушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге жауапты алқалы органы болып табылады.**

ППҚҚ мамандарының қызметі диагностикалық, консультативтік, дамыту (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттарды қамтиды:

<p>Диагностикалық</p>	<p>диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесіндегі, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындаудағы әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауды, сондай-ақ оқудағы, дамудағы, әлеуметтенудегі қиындықтардың себептерін анықтауды көздейді;</p>
<p>Консультациялық</p>	<p>консультативтік бағыт білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде; тұлғалық ерекшеліктерді өзектендіруде көмек көрсету нысанында жеке және топтық қызметті; жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеруге жәрдемдесуді; жаңа көзқарастарды қалыптастыруға және өз шешімдерін қабылдауға көмектесуді; тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытудағы қиындықтарға байланысты әртүрлі психологиялық проблемаларды шешуді; ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде көмек көрсетуді қарастырады;</p>
<p>Дамытушы (түзету)</p>	<p>дамытушылық (түзету) бағыт білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен (балалармен) білім беру кеңістігін қалыптастыру, оқуға ынталандыру, сондай-ақ білімді, іскерлікті және дағдыларды, оларды тәрбиелеу-білім беру, оқу және танымдық қызметте игеру және таныту мүмкіндіктері мен тәсілдерін дамыту бойынша жеке, кіші топтық, топтық жұмыс жүргізуді көздейді. ППҚҚ мамандарының (педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер) кешенді өзара іс-қимылы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау барысында анықталған білім алушыларды тәрбиелеудегі, оқытудағы және мінез-құлқындағы қиындықтарды анықтау және еңсеру бойынша педагогтердің жұмысын ұйымдастыруды қамтиды;</p>
<p>Психологиялық-педагогикалық ағарту</p>	<p>психологиялық-педагогикалық ағарту білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың), педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін қалыптастыруға және оларды білім алушылардың оқуындағы, тәрбиесі мен дамуындағы қиындықтарды болдырмау үшін пайдалануға деген ұмтылысын қалыптастыруға жәрдемдесуді көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, педагогтер мен ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге арналған интерактивті әдістер мен дәрістер);</p>
<p>Ұйымдастыру-әдістемелік</p>	<p>ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізуді, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдауды және оны қолдау бойынша ұсынымдар әзірлеуді, білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) қолдауда пәнаралық тәсілді әзірлеуді; білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдаудағы озық инновациялық технологияларды зерделеу, білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыруды және өткізуді көздейді.</p>

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы
«Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
Педагог-психолог жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 болып тіркелді)
«Баланы қорлаудың (қорқытудың) алдын алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.
«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы.
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы
«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан-дағы № 518-IV Кодексі
«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы
Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен психологиялық диагностика, консультация беру және тренингтер (топтық, жеке) "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы
"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы
Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы - 2024
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет ЕРЕЖЕСІ» 2021 ж.(негізделген)
«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми- практикалық институты» КеАҚ ұсынған «ДОСБОЛЛИКЕ» білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы

Іс-шаралар	Жұмыс бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
«Біз – достық сыныбымыз» сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру	Түсіндірме, ағарту, алдыналу жұмысы	1-сынып оқушылары	Тамыз	Слайд материалдары	Жеңісәлі А.Ж.	Тренинг нәтижесі бойынша қорытынды есеп.
«Бірге танысайық, бірге өрлейік» атты teambulding	Психологиялық ағарту	5-6 сынып Педагогтер	Тамыз	Бағдарлама	Педагог-психологтар	Кері байланыс, талдау
Мектепке қабылданатын оқушыларды диагностикалау	Психодиагностика	Қабылданатын оқушылар	Жыл бойы	Жас ерекшелігіне сай диагностика	Педагог-психологтар	Кері байланыс, анықтама
"Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-нысанына сәйкес келісім парақтарын жинақтау	Ұйымдастыру-әдістемелік	Мектеп ата-аналары	Қыркүйек	Келісім парақтары	Сынып жетекшілер	Есеп
Жалпы мектеп ата-аналар жиналысына қатысу	Ұйымдастыру-әдістемелік	Мектеп ата-аналары	Қыркүйек	Бағдарлама	Педагог-психологтар	Кері байланыс, хаттама көшірмесі

«Керн-Йиерасек» тесті. Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау	Психодиагностика	1- сынып оқушылары	Қыркүйек	Әр сыныптың, жұмысына жеке қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жеңісәлі А.Ж.	1-сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығы туралы талдамалық есеп
Еқ-сабақ: «Қош келдіңіздер», «мен кімін: тұлға портреті»	Психологиялық ағарту	2-10 сыныптар	Қыркүйек	Слайд материалдары, тренинг бағдарламасы	Педагог-психологтар	Платформаға тіркеу, есеп
Еқ-сабақ «Өзімді бағалау: мен — бренд. Өзімді қалай қабылдаймын және ұсынамын?»	Дамытушы (түзету)	1-10 сыныптар	Қыркүйек	ЕҚ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Платформаға тіркеу, есеп
Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін диагностикалау «Менің отбасым» проективті әдістемесі	Психодиагностика	2 сыныптар	Қазан	Жеке психологиялық қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Сынып жетекшілер, Жеңісәлі А.Ж.	Талдамалық есеп
1-ші сынып оқушыларының психологиялық даярлығын анықтау қорытындысы бойынша топтық дамытушы(түзету) жұмыстары	Дамытушы (түзету)	1-сыныптар	Қыркүйек	Топтық түзету-дамыту жұмысы жоспары	Жеңісәлі А.Ж.	Кері байланыс, талдау
Қабылдау каналдары - Learning Styles Inventory (Wisefull платформасы арқылы)	Психодиагностика	6,8-сынып	Қыркүйек-қазан	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жетписова А.Е.	Талдамалық есеп
Тұлға типі - Personality test (Wisefull платформасы арқылы)	Психодиагностика	7-сынып 9-сынып	Қыркүйек-қазан	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды	Жетписова А.Е.	Талдамалық есеп

Туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсіндіру	Консультация	білім беру процесіне қатысушылар (оқушы, педагог, ата-ана)	Жыл бойы Қажеттілігін қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар	Консультацияны журналына тіркеу
Кәсіби бағдар тесті - Career Inventory (Wisefull платформасы арқылы)	Психодиагностика	10-сынып	Қазан	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жетписова А.Е.	Талдамалық есеп
«Кактус» әдістемесі М.А.Панфилова	Психодиагностика	3 сынып	Қазан	Жеке психологиялық қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Сынып жетекшілер, Жеңісәлі А.Ж.	Талдамалық есеп
«Жануарлар мектебі» әдістемесі Оқушылардың тұлғалық мотивациялық аймағын	Психодиагностика	4 сынып	Қазан	Жеке психологиялық қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жеңісәлі А.Ж.	Талдамалық есеп
«Орта буынға бейімделу». Н.Г.Лусканова әдістемесі	Психодиагностика	5 сынып	Қазан	Жеке психологиялық қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жеңісәлі А.Ж.	Талдамалық есеп
«Менің эмоциялар әлемім – 1.2»	Ойын-жаттығулар	1-10 сынып оқушылары	Қазан	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Платформаға тіркеу, есеп
Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық, ерте	Психологиялық ағарту	7-10 сыныптар	Қазан	Түсіндірме, ағарту, алдын-алу жұмысы	ДТІЖО Мектеп инспекторы,	Кері байланыс,

жүктілік, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу шараларына қатысу						психологтар, мектеп медбикесі	хаттама көшірмесі
«Балалар мен жасөспірімдердің тұлға типтеріне қарай мотивациясын арттыру» атты семинар	Ұйымдастыру-әдістемелік	Ата-аналар	Қазан	Семинар-практикум	Педагог-психологтар		Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
Педагогтердің жеке кәсіби өсуіне психологиялық сүйемелдеу (білім алушыларды оқытудағы, тәрбиелеу мен дамытудағы қиындықтардың алдын алу) «Оқушыларды тұлға типтеріне қарай мотивациясын арттыру» атты семинар	Психологиялық ағарту	Педагогикалық ұжым	Қазан	«Адал азамат» бағдарламасы аясында тренинг, белсенді оқу әдістерінің жасақтама лары, баяндамалар	Педагог-психологтар		Кері байланыс
Туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсіндіру	Консультация	білім беру процесіне қатысушылар (оқушы, педагог, ата-ана)	Жыл бойы Қажеттілігін қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар		Консультацияны журналына тіркеу
«Сенім телефоны», «Сенім жәшігіне» түскен өтініштермен жұмыс	Ұйымдастыру-әдістемелік	Өтініш берушілер	Жыл бойына Тоқсанына 1 рет	Хаттама	Педагог-психологтар		Тіркеу журналы
Тоқсандық жұмыс есебі және мектептің психологиялық климаты динамикасы	Ұйымдастыру-әдістемелік	Педагогикалық кеңес	Қазан	Талдау жұмысы	Педагог-психологтар		Талдамалық есеп
«Сындарлы ойлау: шындық детективі»	Дамытушы (түзету)	1-10 сынып	Қараша	Психологиялық сабақ, тренинг	Педагог-психологтар		Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды

«Әлеуметтік интеллект: нетворкинг, өз әлеуметтік wi-fi желімізді құрамыз»	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Қараша	Психологиялық сабақ, тренинг	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау – Wisefull платформасы арқылы	Психодиагностика	5-6 сыныптар	Қараша	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар	Талдамалық есеп
Оқушылардың суицидке бейімділігін анықтау (Wisefull платформасы арқылы)	Психодиагностика	7-10 сыныптар	Қараша	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жетписова А.Е.	Талдамалық есеп
Туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсіндіру	Консультация	білім беру процесіне қатысушылар (оқушы, педагог, ата-ана)	Жыл бойы Қажеттілігін е қарай	Консультация қорытындысы бойынша талдау, қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар	Консультацияны журналына тіркеу
«Сенім телефоны», «Сенім жәшігіне» түскен өтініштермен жұмыс	Ұйымдастыру-әдістемелік	Өтініш берушілер	Жыл бойына	Хаттама	Педагог-психологтар	Тіркеу журналы
«Жасөспірімдер психологиясының ерекшеліктері: тәртіпсіздік, депрессия және өзін өзі өлтіру ойларының белгілерін қалай анықтауға болады» атты семинар	Психологиялық ағарту	Педагогикалық ұжым	Желтоқсан	Семинар-сабақ	Педагог-психологтар	Кері байланыс, талдау
«Жасөспірімдер психологиясының ерекшеліктері: неге олар жабылады және байланысты қалай сақтауға болады»	Психологиялық ағарту	Ата-аналары	Желтоқсан	Психологиялық тренинг бағдарламасы	Педагог-психологтар	Кері байланыс, талдау
Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын	Психологиялық ағарту	7-11 сыныптар	Желтоқсан	Слайд материалдары, бейнероликтер	ДТДЖО Мектеп инспекторы,	Кері байланыс,

күкыкбүзушылык зорлык-зомбылык, ерте жүктілік, деструктивті және аутодеструктивті мінез-кұлықтың алдын-алу шараларына қатысу					психологтар, мектеп медбикесі	хағтама көшірмесі
«Креативтілік: шексіз ойлау» топтық жұмыс	Дамытушы (түзету)	1-10 сынып оқушылары	Желтоқсан	Психологиялық сабақ	Педагог-психологтар	Кері байланыс, талдау
«Өмірге grps: армандар және мақсаттар»	Дамытушы (түзету)	1-10 сынып оқушылары	Желтоқсан	Психологиялық сабақ	Педагог-психологтар	Кері байланыс, талдау
Тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қиындықтарына байланысты проблемалар	Консультация	Оқушы, педагог, ата-ана	Жыл бойы Қажеттілігін қарай	Қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар	Консультация журналына тіркеу
«Сенім телефоны», «Сенім жөшігіне» түскен өтініштермен жұмыс	Ұйымдастыру-әдістемелік	Өтініш берушілер	Жыл бойына	Хағтама	Педагог-психологтар	Тіркеу журналы
Токсандық жұмыс есебі және мектептің психологиялық климаты динамикасы	Ұйымдастыру-әдістемелік	Педагогикалық кеңес	Желтоқсан	Талдау жұмысы	Педагог-психологтар	Талдамалық есеп
«Отбасының кинетикалық суреті» С.Кауфман мен Р.Бенетің	Психодиагностика	5-сыныптар	Қаңтар	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды	Жеңісәлі А.Ж.	Талдамалық есеп
Оқушылардың құндылық бағдарын анықтау тесті (Wisefull платформасы арқылы)	Психодиагностика	7, 9-10 сыныптар	Қаңтар-ақпан	Әр сыныптың жұмысына жеке қорытынды	Жетписова А.Е.	Талдамалық есеп
Диагностика процесінде анықталған баланың мінез-кұлқындағы проблемалар мен эмоционалды жай-күйін реттеуге арналған түзету жұмыстары	Консультация	5-10 сынып оқушылары	Қаңтар	Психологиялық сабақ	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
Ми құпиялары: қалай оңай және жылдам оқуға болады	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Қаңтар	Психологиялық сабақ	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі

«Менің қорқыныштарым: олармен достасу жолы»	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Қаңтар	Психологиялық сабақ	Педагог-психологтар	туралы қорытынды
«Сау сепарация: баланың өзіндік тәуелсіздігі мен жауапкершілігін қалай дамытуға болады» ата-ана мен бала қарым-қатынасы	ұйымдастыру-әдістемелік	Ата-аналар үшін	Ақпан	Семинар-практикум	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
6 сыныпта білім алушыларды НЗМ, БИЛ және РФММ-не түсуге арналған тест, емтиханға психологиялық дайындау	ұйымдастыру-әдістемелік	Оқушылар, педагог, ата-аналар	Жыл бойы	Жоспар	Педагог-психологтар	Қорытынды
Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау - Motivation test	Диагностика	8-сынып	Ақпан	Әр сыныпқа жеке анықтама	Жетписова А.Е.	Талдамалық есеп
Емтихан алдындағы мазасыздық тесті- Exam Anxiety Scale	Диагностика	6, 10 - сыныптар	Ақпан	Әр сыныпқа жеке анықтама, қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар	Талдамалық есеп
Басса-Дарки тесті <i>Агрессиялық мінез құлықты анықтау</i>	Диагностика	7-10 сыныптар (сұраныс бойынша)	Ақпан	Әр оқушыға жеке қорытынды және ұсыныстар	Жетписова А.Е.	Жеке анықтама, қажеттілігіне қарай жоспар
Зейін, қабылдау деңгейіне арналған тест	Диагностика	2-3 сыныптар	Ақпан	Әр сыныпқа жеке анықтама	Жеңісәлі А.Ж.	Әр сыныпқа жеке анықтама

«Қаржылық сауаттылық: кедәдағы миллионердің сыры»	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Ақпан	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
«Мен және менің шекарам»	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Ақпан	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
Білім алушылардың өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу	психологиялық-педагогикалық ағарту	6-10 сынып оқушылары	Жыл бойы Қажеттілігін е қарай, сұраныс бойынша	Бірлескен жоспар	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог.	Тренинг, белсенді оқу әдістерінің жасақтамалары
Психологиялық проблемаларды талдау мен шешу	Консультация	5-10 сынып оқушылары, педагогтер, ата-аналары	Жыл бойы Қажеттілігін е қарай	Қажеттілігіне қарай жоспар	Педагог-психологтар	Консультацияны журналына тіркеу
Eq-сабақ «Таңдаудың сиқырлы түймесі: иә мен жоқ менің ішімде»	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Наурыз	Психологиялық сабақ	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
Мектептегі буллинг: қалай тану және алдын алу	Психологиялық-педагогикалық ағарту	Мектеп ұжымы	Наурыз	Семинар-сабақ	Педагог-психологтар	Сабақ жоспары
Тоқсандық жұмыс есебі және мектептің психологиялық климаты динамикасы	Ұйымдастыру-әдістемелік	Педагогикалық кеңес	Наурыз	Талдау жұмысы	Педагог-психологтар	Талдамалық есеп

«Алғыс айту – жақсылықты қалай көру және өмірдің толықтығын сезіну»	Психологиялық тренингтер	1-10 сынып	Сәуір	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
«Оптимизм және позитивті ойлау»	Психологиялық тренингтер	1-10 сынып	Сәуір	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
«Педагогтың өз құндылығы: жұмысқа деген ынталықты қалай сақтауға болады»	Слайд материалдары, бейнеролик	Педагогикалық ұжым	Сәуір	Психологиялық тренинг	Педагог-психологтар	Қорытынды
Айқайсыз тәрбие: тәрбиелеудің конструктивті әдістері	ұйымдастыру-әдістемелік	Ата-аналар үшін	Сәуір	Сұхбат	Психолог	Қорытынды есеп
4- сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау	Диагностика	4-сынып оқушылары	Сәуір	Әр сыныптың, әр жұмысына жеке анықтамасы	Жеңісәлі А.Ж.	Диагностика нәтижесі бойынша қорытынды, мониторинг.
«Керн-Йиерасек» тесті. Мектепке қабылданған баланың психологиялық даярлығын анықтау	Психодиагностика	1- сынып оқушылары	Сәуір	Әр сыныптың, жұмысына жеке қорытынды, қажеттілігіне қарай жоспар	Жеңісәлі А.Ж.	Салыстырмалы талдау
«Жақсылық жасаудың күші	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Мамыр	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
«Позитивтік әдеттер — күніңізді жаңартатын кіші әдеттер	Психологиялық тренинг	1-10 сынып	Мамыр	EQ-сабақ жоспары бойынша	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды

Әлеуметтік желідегі қауіп төндіретін сайттар мен ойындар туралы ақпараттандыру	Слайд материалдары, бейнероликтер	Ата-аналар, педагогтар	Мамыр	Психологиялық тренинг	Педагог-психологтар	Жұмыстың жүргізілуі туралы қорытынды
Семинар-практикумдарға, конференцияларға ұйымдастыру, қатысу	Ұйымдастыру-әдістемелік	Өз біліктілігін арттыру	Жыл бойы, қажеттілігін е қарай	Аудандық, қалалық іс-шараларға қатысу	Педагог-психологтар	Қорытынды есеп
WISEFULL психология және коучинг халықаралық орталығының сабақтары	Ұйымдастыру-әдістемелік	Өз біліктілігін арттыру	Әр жұма сайын	Онлайн сабақтар	Педагог-психологтар	Халықаралық сертификат
Жылдық жұмыс есебі және мектептің психологиялық климаты динамикасы	Ұйымдастыру-әдістемелік	Педагогикалық кеңес	Мамыр	Талдау жұмысы	Педагог-психологтар	Талдамалық есеп

Педагог-психологтар: Жетписова А.Е.

Жеңісәлі А.Ж.

